

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»  
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIX Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS  
of the XIX International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024  
Астана**

**УДК 001**

**ББК 72**

**G99**

**«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

**ISBN 978-601-7697-07-5**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 001**

**ББК 72**

**G99**

**ISBN 978-601-7697-07-5**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2024**

Для решения данной проблемы, мы считаем, необходимо сформировать базу данных, результаты которой постоянно отслеживаются через Интернет, чтобы показать переоценку объектов, полученных предприятием в ходе проверки.

А при проверке расчета амортизации нематериальных активов необходимо учитывать следующее: если они используются в течение длительного времени, то их стоимость переносится на вновь создаваемый продукт. Вследствие этого часть их износа, если только нет одного отличия по установленным нормам, они не находятся в физическом состоянии, относятся к производственному циклу наравне с основными фондами, то есть относятся к себестоимости. Поэтому аудитор тщательно изучает первичные документы, являющиеся документами, подтверждающими их принадлежность к нематериальным активам: УЗА-1 - Акт приема-передачи нематериальных активов; УЗА-2 – Карта учета нематериальных активов; и другие документы: право на промышленную модель, право на художественное изобретение, право на товарный знак, право ноу-хау, право на программу для ЭВМ, право на технологию интегральных схем, авторское право на научное творчество, право пользования полезными ископаемыми и т.д.

При правильном списании нематериальных активов счет 7410 – «Расходы на реализацию нематериальных активов» следует списать на их балансовую (остаточную) стоимость, а соответствующие субсчета основного счета под названием 2730 – «Прочие нематериальные активы» – списать на счет их балансовой (остаточной) стоимости. зачислено. А начисленная по ним сумма накопленной амортизации должна быть отражена по дебету соответствующих субсчетов основного счета 2740 - "Амортизация нематериальных активов", и по кредиту соответствующих субсчетов счета 2730. - "Нематериальные активы".

Если хозяйствующие субъекты реализуют собственные нематериальные активы, т.е. передают выручку от них в дебет счетов разделов «Денежные средства» или «Нематериальные активы», «Дебиторская задолженность и другие активы», счета 6210 — «Выручка от реализации Нематериальные активы» Надо убедиться, что написано по аккредитиву.

Практическая ценность статьи заключается в выявлении основных вопросов, возникающих при организации аудита объектов интеллектуальной собственности предприятия, а также в определении проверяемых счетов и документов и их последовательности.

#### **Список использованных источников**

1. Новые возможности развития в условиях четвертой промышленной революции. Послание Президента Республики Казахстан 10 января 2018 года.
2. Приказ от 5 мая 2018 года № 519 об утверждении стандарта оценки «Оценка стоимости объектов интеллектуальной собственности и нематериальных активов». 19
3. Успехи в химии и химической технологии Том 2007. А.С. Сухина, В.А. Кирьянова «Проблема учета интеллектуальной собственности».
4. Международные стандарты финансовой отчетности: Пер. Полный официальный текст МСФО, принятый в ЕС. 1 января 2005 года. - М.: Аскери - АССА 2005.
5. Абленов Д.О. Профессиональный аудит: Учебное пособие / Д. О. Абленов. - Алматы: Экономика, 2008. - 557 с.

ӘӘЖ: 657.372.01

#### **ЖҰМЫССЫЗДЫҚ СТАТИСТИКАСЫНЫҢ КӨРСЕТКІШТЕРІН ТАЛДАУ**

**Байсағалиева Диляра Нұрланқызы**

[dbaisagalieva@gmail.com](mailto:dbaisagalieva@gmail.com)

«Мемлекеттік аудит» тобының 2курс студенті

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан  
Ғылыми жетекші- Кайранбеков Бауржан Окташевич

Жұмыссыздық - қазіргі қоғамның экономикалық әл-ауқат пен әлеуметтік теңдікке әсер ететін өзекті мәселелердің бірі. Жұмыссыздық статистикасы экономикадағы еңбек нарығының жағдайын зерттеу мен талдаудың маңызды құралы болып табылады. Жұмыссыздық – жұмыс күшінің бір бөлігінің еңбек нарығында қажет болмауынан туындайтын әлеуметтік-экономикалық құбылыс. Бұл көрсеткіш еңбек нарығының қазіргі жағдайын көрсетіп қана қоймай, оның динамикасы мен тенденциялары туралы түсінік береді.

Бұл мақалада статистика деректерін қолдана отырып, жұмыссыздықтың ел экономикасына тигізетін әсерін және оның туындау себептері мен шешу жолдарын қарастырамыз. Статистика деректеріне сүйенсек, жұмыссыздықтың жоғары деңгейі халықтың өмір сүру деңгейіне теріс әсер ететінін, әлеуметтік шиеленістер туғызатынын және елдің тұрақтылығына қауіп төндіретінін атап өтуге болады.

Жұмыссыздық мәселесі тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуды және халықтың өмір сүру сапасын жақсартуды қамтамасыз ету үшін мемлекет, бизнес және жалпы қоғам тарапынан елеулі назар аударуды талап ететінің байқауға болады.

Жұмыссыздық-қазіргі қоғамның ең өзекті және өткір мәселелердің бірі. Бұл жұмыс істеуге дайын және қабілетті адамдар жұмыс таба алмайтын экономикалық құбылыс. Экономикалық тұрғыдан қарастырғанда жұмыссыздық-еңбек нарығының жағдайы, онда бос ресурстар бар, бірақ сонымен бірге жұмыс берушілердің еңбекке деген сұранысы жоқ. Жұмыссыздықтың көптеген себептері болуы мүмкін, соның ішінде нарықтық жағдай, экономикалық дағдарыс, технологиялық өзгерістер, жұмысшылардың біліктілігінің төмендігі, кемсітушілік. Сол себептердің түрлеріне мыналар жатады:

- Құрылымдық жұмыссыздық - бұл еңбек нарығының талаптары мен жұмысшылардың біліктілігі арасындағы сәйкессіздіктен туындайды, әдетте экономикадағы технологиялық өзгерістердің немесе құрылымдық өзгерістердің салдары болады.

- Конъюнктуралық жұмыссыздық - экономикалық дағдарыстар, рецессиялар немесе депрессиялар кезеңдеріндегі экономикалық жағдайдың өзгеруіне байланысты.

- Маусымдық жұмыссыздық - жылдың әртүрлі маусымдарында белгілі бір жұмыс түрлеріне сұраныстың уақытша ауытқуына байланысты туындайды.

- Жасырын жұмыссыздық - бұл ресми статистикада ескерілмеген және адамдар мүмкіндіктердің жоқтығынан жұмыс таба алмайтындығынан немесе әртүрлі себептермен жұмыс іздегісі келмейтіндіктен пайда болатын деректер.

- Үйкеліс жұмыссыздығы - бұл әдетте жұмыс берушілердің талаптары мен жұмысшылардың үміттері арасындағы сәйкессіздік нәтижесінде пайда болады.

Жұмыссыздықтың тағы бір негізгі себебі-жұмыс орындарының жетіспеушілігі. Тұрақты экономикалық дағдарыс пен өндірістің қысқаруы жағдайында көптеген кәсіпорындар штаттарды қысқартуға және қызметкерлерді жұмыстан шығаруға мәжбүр. Сонымен қатар, технологияларды дамыту және өндірістік процестерді автоматтандыру көптеген кәсіптердің сұранысқа ие болуын тоқтатады, бұл өз кезегінде жұмыссыздар санының артуына әкеледі.

Жұмыссыздық статистикасы елдегі жұмыссыздық проблемасының ауқымын анықтауға көмектесетін бірқатар көрсеткіштерді қамтиды. Негізгі көрсеткіштердің бірі-жұмыссыздық деңгейі. Жұмыссыздық деңгейі жұмыссыздар санының еңбекке қабілетті халықтың жалпы санына пайыздық қатынасы ретінде анықталады. Сондай-ақ жұмыссыздықтың ұзақтығы, жасына, біліміне, аймағына және басқа факторларға байланысты болады. Жұмыссыздық статистикасын жинау және талдау үшін әртүрлі әдістер мен деректер көздері қолданылады. Жұмыссыздық туралы деректердің негізгі көздерінің бірі-халық санағы немесе еңбек қызметі туралы тұрақты сауалнамалар. Сондай-ақ, мәліметтер жұмыссыздарды мемлекеттік жұмыспен қамту қызметтерінде тіркеуден және кәсіпорындардың жұмыс орындарының саны туралы есептерінен алынуы мүмкін.

Қазақстандағы жұмыссыздық статистикасын талдау елдегі экономикалық жағдайды бағалау және еңбек нарығындағы үрдістерді болжау үшін маңызды міндет болып табылады. Қазақстандағы 2022-2023 жылдардағы жұмыссыздық статистикасын талдау үшін

жұмыссыздық деңгейі, осы көрсеткіштің өзгеру динамикасы, сондай-ақ әртүрлі критерийлер бойынша жұмыссыздардың құрылымы сияқты бірнеше негізгі аспектілерді қарастыру қажет.



Сурет 1. Жұмыссыздықтың негізгі себептері

Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика қызметінің деректері бойынша, елдегі жұмыссыздық деңгейі 2022 жылы 5,8% - құрады, бұл еңбекке қабілетті халық арасында жұмыссыздар проблемасының болуын білдіреді. Алайда, 2023 жылы бұл көрсеткіштің 5,5% - ға дейін аздап төмендеуі байқалды. Осылайша, елдегі еңбек нарығындағы жағдай тұрақтанды және кейбір оң тенденцияларды көрсетеді деген қорытынды жасауға болады.

2022-2023 жылдары Қазақстандағы жұмыссыздар құрылымының өзіндік ерекшеліктері бар екенін атап өту маңызды. Жұмыссыздар арасында жас адамдар басым (18-29 жас), бұл елдегі жастар жұмыссыздығының проблемаларын көрсетеді. (1-кесте)

Кесте-1. Жұмыссыздықтың жас бойынша көрсеткіші

| көрсеткіштер                            | Барлығы           |             |         | Оның ішінде       |            |         |                   |        |         |
|---|-------------------|-------------|---------|-------------------|------------|---------|-------------------|--------|---------|
|   | екі жыныс бойынша | оның ішінде |         | екі жыныс бойынша | кала халқы |         | ауыл халқы        |        |         |
|   |                   | ерлер       | әйелдер |                   | ерлер      | әйелдер | екі жыныс бойынша | ерлер  | әйелдер |
| <b>Жұмыссыз халық, барлығы</b>          | 451 486           | 212 387     | 239 099 | 280 740           | 129 011    | 151 729 | 170 746           | 83 376 | 87 370  |
| жасы:                                   |                   |             |         |                   |            |         |                   |        |         |
| 15                                      | -                 | -           | -       | -                 | -          | -       | -                 | -      | -       |
| 16-24                                   | 39 768            | 18 395      | 21 373  | 24 809            | 11 091     | 13 718  | 14 959            | 7 304  | 7 655   |
| 25-28                                   | 28 719            | 10 524      | 18 195  | 19 400            | 7 053      | 12 347  | 9 319             | 3 471  | 5 848   |
| 29-34                                   | 54 017            | 25 830      | 28 187  | 38 331            | 18 614     | 19 717  | 15 686            | 7 216  | 8 470   |
| 35-44                                   | 149 980           | 71 147      | 78 833  | 94 481            | 43 060     | 51 421  | 55 499            | 28 087 | 27 412  |
| 45-54                                   | 93 516            | 44 372      | 49 144  | 53 664            | 24 190     | 29 474  | 39 852            | 20 182 | 19 670  |
| 55-64                                   | 84 571            | 41 513      | 43 058  | 49 444            | 24 595     | 24 849  | 35 127            | 16 918 | 18 209  |
| 65 және одан асқандар                   | 915               | 606         | 309     | 611               | 408        | 203     | 304               | 198    | 106     |
| соның ішінде еңбекке жарамды жастағылар | 447 900           | 210 632     | 237 268 | 278 268           | 127 808    | 150 460 | 169 632           | 82 824 | 86 808  |
| Анықтама үшін:                          |                   |             |         |                   |            |         |                   |        |         |

|  |       |       |       |       |     |     |     |     |     |
|--|-------|-------|-------|-------|-----|-----|-----|-----|-----|
| шаруашылық серіктестіктің және акционерлік қоғамдардың құрылтайшысы (қатысушысы, акционері) болып табылатын жұмыспен қамтылмаған халық | 2 505 | 1 373 | 1 132 | 1 825 | 854 | 971 | 680 | 519 | 161 |
|--|-------|-------|-------|-------|-----|-----|-----|-----|-----|

Жастардың жұмыс істемеу себептері демографиялық, экономикалық, ғылыми-тәжірибелік, және оқулық-білімдік факторлардан туындауы мүмкін. Мысалы, экономикалық жағдайлар кезінде көптеген компанияларда жұмыс орындарының кеміуі және бірнеше іс бағдарламаларының жас жұмысшылардың көмегімен орындалуы басым фактор болып табылады.

Қазақстан Республикасында ақпараттық технологиялар, инженерия және зерттеу сияқты жоғары біліктілік пен арнайы дағдыларды талап ететін салаларда жұмыссыздық ең жоғары болуы мүмкін (2-кесте). Бұл сала көбінесе технологияның және еңбек нарығының сұранысының жылдам өзгеруіне ұшырайды. Сонымен қатар, экономикалық дағдарыс және әлемдік экономикадағы өзгерістер жағдайында өнеркәсіп пен өңдеу өнеркәсібіндегі жұмыссыздық артуы мүмкін, мұнда автоматтандыру мен механикаландыру жұмыс орындарының қысқаруына әкеледі. Білім беру мен денсаулық сақтау саласы да қаржыландырудың шектеулігі мен жоғары біліктілік талаптарына байланысты жұмыссыздық мәселесіне тап болуы мүмкін. Жұмыссыздар арасында орта білімі төмен адамдардың саны да көп, бұл біліктіліктің төмендігін және жұмысқа дайындықтың жеткіліксіздігін көрсетеді.

Кесте -2. Жұмыссыздық деңгейі және жұмыссыз халықтың білімі, пайызбен

| көрсеткіштер  | Барлығы | Оның ішінде білімі барлар |                                |                              |                         |                  |                    |                |
|---|---------|---------------------------|--------------------------------|------------------------------|-------------------------|------------------|--------------------|----------------|
|   |         | жоғары білім              | техникалық және кәсіптік білім | орта кәсіптік (арнайы) білім | бастауыш кәсіптік білім | жалпы орта білім | негізгі орта білім | бастауыш білім |
| <b>Халық, екі жыныс бойынша</b>                       | 4,7     | 3,8                       | 3,6                            | 5,9                          | 6,2                     | 7,7              | 12,3               | 45,3           |
| соның ішінде:   |         |                           |                                |                              |                         |                  |                    |                |
| ерлер   | 4,3     | 3,9                       | 2,7                            | 5,3                          | 5,4                     | 6,2              | 16,8               | 19,9           |
| әйелдер   | 5,2     | 3,7                       | 4,8                            | 6,5                          | 7,2                     | 9,5              | 7,0                | 74,1           |
| <b>Қалалық елді мекеннің халқы, екі жыныс бойынша</b> | 4,7     | 3,8                       | 4,0                            | 5,9                          | 6,2                     | 11,4             | 20,9               | 100,0          |
| соның ішінде:   |         |                           |                                |                              |                         |                  |                    |                |
| ерлер   | 4,3     | 3,8                       | 3,1                            | 5,4                          | 5,6                     | 9,3              | 42,1               | 100,0          |
| әйелдер   | 5,1     | 3,8                       | 5,2                            | 6,5                          | 7,0                     | 13,2             | 2,2                | 100,0          |
| <b>Ауылдық елді мекеннің халқы, екі жыныс бойынша</b> | 4,7     | 3,7                       | 3,0                            | 5,7                          | 6,1                     | 6,4              | 10,0               | 19,4           |
| соның ішінде:   |         |                           |                                |                              |                         |                  |                    |                |
| ерлер   | 4,2     | 4,0                       | 2,2                            | 5,1                          | 5,3                     | 5,2              | 11,1               | 7,2            |

|         |     |     |     |     |     |     |     |      |
|---------|-----|-----|-----|-----|-----|-----|-----|------|
| әйелдер | 5,2 | 3,5 | 4,1 | 6,5 | 7,5 | 7,9 | 8,5 | 44,7 |
|---------|-----|-----|-----|-----|-----|-----|-----|------|

Осылайша, Қазақстандағы 2022-2023 жылдардағы жұмыссыздық статистикасын талдау елдегі жұмыссыздар проблемасының бар екендігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді, алайда еңбек нарығындағы жағдайды жақсарту үшін кейбір оң үрдістер мен мүмкіндіктерді көрсетеді.

Қорытындылай келе Қазақстандағы жұмыссыздық проблемасын шешу үшін экономикалық өсуді ынталандыруға, жаңа жұмыс орындарын құруға, халықтың біліктілігін арттыруға және шағын және орта бизнесті қолдауға бағытталған кешенді шаралар қабылдау қажет. Сондай-ақ жұмыссыздарға тез жұмысқа орналасу және әлеуметтік бейімделу мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін әлеуметтік бағдарламалар мен қолдау шараларын дамыту маңызды.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Ұлттық статистика бюросы - Жұмыспен қамту және жұмыссыздық [Электрондық ресурс] <https://stat.gov.kz/industries/labor-and-income/stat-empt-unempl/>
2. Жұмыссыз халық көрсеткіштері - <https://stat.gov.kz/api/iblock/element/39374/file/kk/>
3. Үмбетәлиев А.Д. - Кәсіпорын экономикасы және кәсіпкерлік: оқулық/Қазақстан республикасы білім және ғылым министрлігі, М.О.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті. - Алматы : Экономика баспасы, 2009. - 462 б
4. Мамыров Н.Қ., Тілеужанова М.Ә. – Макроэкономика : оқулық. Алматы: Экономика, 2003.

УДК 2964

### **ҚР ЖАСТАРДЫҢ ЖҰМЫССЫЗДЫҒЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ МӘСЕЛЕСІН ШЕШУ ЖОЛДАРЫ**

**Байсейт Арман**

email: [baisejtarman@gmail.com](mailto:baisejtarman@gmail.com)

Еуразия Технологиялық Университетінің «Қаржы және басқару технологиялары» мектебінің қауымдастырылған профессоры, Алматы, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - э.ғ.к., Г.А. Пернеева

Жұмыссыз жүрген жастар өз орнын таба алмауының салдары оларды қылмыс әлеміне ұрындырып, құқық бұзушылардың қатары жасарып жатыр, халықтың ең әлжуаз, осал буыны, ол қоғам мен мемлекетке үлкен қауіп төндіруі бек мүмкін. Тізбектесек, жұмыссыздық, кадр тапшылығы, жас мамандарды баспанамен қамту, вандализм, жастардың қоғам өмірінен алшақтап кетуі, тағысын тағылар. Жастардың жағдайы мен көңіл-күйіне еңбек нарығында жұмыс орындарының жетіспеушілігі әсер етеді. Жастар әрқашан дүниеге «кірпіш болып қалануға» ұмтылады, алайда кейде өмірден өз орнын таба алмай жатады. Осыдан келіп қоғамнан жырақтау, суицидке бейімділік секілді мәселелер туындайды.

Бүгінде халықтың осал топтарын, әсіресе жұмыссыз жастарды деструктивті құрылымдарға әлеуметтік желі немесе қолма-қол қаржылай көмек көрсету арқылы тартудың түрлі тәсілдері бар. Ал өскіндер осыдан соң теріс қылыққа, яғни ұрлыққа баруы әбден мүмкін. Одан қалды жеңіл жолмен келетін қаражатқа құнығып, құмар ойын ойнап, қарызға белшесінен кіреді. Денсаулығына зиянды әрекеттермен айналысып, темекі, алкоголь өнімдерін пайдаланады. Байыбына барсақ, мұның барлығына жастар айналысатын шаруасы, ойын бөлетін жұмысы болмаған соң барады.

Жұмыссыздық – елдегі еңбекке қабілетті тұрғындардың бір бөлігі өзіне пайдалы еңбекпен айналысатын кәсіп таба алмай дағдаратын әлеуметтік-экономикалық құбылыс. Кез келген қоғамдағы экономикалық даму барысында тұтыну тауарларының сұранымы құрылымында және өндіріс технологиясында маңызды өзгерістер болады. Бұл өзгерістер өз